

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

бухгалтерского учета в соответствии с МСФО, которая утверждена постановлением Правительства РФ от 06. Цель реформирования - приведение национальной системы бухгалтерского учета в соответствие с требованиями рыночной экономики и МСФО. МСФО – это бухгалтерский язык, на который возможно перевести каждую отчетность. 23 мая 2016 года Приказом Министерства финансов РФ № 70 Н, была утверждена «Программа разработки федеральных стандартов бухгалтерского учета на 2016 — 2018 годы», согласно которой подразумевается разработать 14 новых стандартов бухгалтерского учета либо обновленных версий имеющийся ПБУ. Все эти преобразования как предполагается обязаны облегчить правила ведения бухгалтерского учета и составления бухгалтерской финансовой отчетности для малого бизнеса, а вдобавок нивелировать имеющиеся противоречия в законодательстве.

Преображение системы бухгалтерского учета в России осуществляется согласно программе, разработанной Правительством Российской Федерации. Ускорение процесса адаптации российского бухгалтерского учета к международным стандартам представлены базой реформирования бухгалтерского финансового учета в стране. Общие стандарты бухгалтерской отчетности позволяют оценивать и сравнивать итоги деятельности всевозможных компаний, в том числе на международном уровне, более эффективно.

Основываясь на данную статью, бухгалтерский учёт в России преодолел не мало изменений. Начиная с древнерусского государства и заканчивая сегодняшним днем. На протяжении всех этапов мы видим что бухгалтерский учёт стал необходимой частью предприятий и организаций. С появлением программы «1С: Предприятие», что по сей день имеет популярность в странах СНГ, учёт стал преимущественно удобным и пригодным для пользования, что наглядно показал, что учёт это единая система, придерживающаяся принципов. «Экономический контроль неотделим от контроля над всей жизнью людей, ибо, контролируя средства, нельзя не контролировать и цели» Фридрих Август фон Хайек.

Список использованных источников

1. https://works.doklad.ru/view/KWZj-XLbl_o/all.html
2. <https://wiseeconomist.ru/poleznoe/76480-razvitie-buxgalterskogo-ucheta-rossii-dorevolucionnyj-period>
3. <https://www.association-bj.ru/nasha-praktika/nashi-stati/istoriya-razvitiya-bukhgalterskogo-dela-v-rossii>

ӘОЖ 331.2

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АҚПАРАТЫНЫҢ БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУҒА ӘСЕРІ

Асанбек Сағи Досболұлы

sagi.asanbek.01@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Есеп және талдау кафедрасының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Молдашбаева Л.П. э.ғ.к., ассоц. профессор

Мақала тақырыбының өзектілігі қаржылық есептілік ақпаратының қаржылық талдау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдаудың негізгі көзі болып табылатындығына байланысты. 2019 жылғы 5 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан

Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев: «Шағын, әсіресе микробизнес елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Ең алдымен ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді, жұмыссыздықты азайтады. Салық базасын қалыптастыра отырып, жергілікті бюджетті де толықтырады. Сонымен қатар, жаппай кәсіпкерлікті дамыту санада тамырланған патерналистік көзқарас пен тәуелділіктен арылуға мүмкіндік береді. Сондықтан мемлекет кәсіпкерлікті қолдауды жалғастыра береді». Мемлекет басшысы алға қойған осы міндеттерді шешу Қазақстанның халықаралық нарықтарға шығуына және ондағы өз орнын алуына мүмкіндік береді. Қаржылық есептілік кәсіпорынның даму стратегиясын әзірлеу, өндірістік жоспарларды әзірлеу және т.б. үшін қолданылатын кәсіпорын басшылығы үшін тиісті және сенімді ақпараттың негізгі көзі болып табылады. Қаржылық есептілікті мұқият және терең талдау негізінде ғана кәсіпорын қызметінің әртүрлі аспектілерін объективті бағалауға, кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру үшін тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін нақты ұсыныстар жасауға болады.

Зерттеу тақырыбының практикалық өзектілігі қазіргі уақытта шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін дамыту, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін басқару, бақылау және талдау салаларындағы қаржылық есептіліктің рөлінің артуымен қатар жүреді. Кәсіпорындардың экономикалық және қаржылық қызметін басқарудың тиімділігі қазіргі уақытта өзара байланыс пен өзара тәуелділіктегі көрсеткіштер жүйесімен өлшенеді. Кәсіпорынның қаржылық есептілігінің көрсеткіштерін, динамикадағы көрсеткіштердің өзгеру факторлары мен себептерін талдау, қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігін арттыру нәтижелерін анықтау кәсіпорынның нарықта өмір сүруі үшін ғана емес, тиімді даму үшін де негізгі міндеттер болып табылады.

Кәсіпорынның дамуы талдаудың өзіне емес, есептілікті талдау негізінде және қабылданған басқару шешімдері негізінде басқарушылық буын жасаған қорытындыларға негізделіп жүргізілетіні анық. Қаржылық есептілік, демек, басқару шешімдерін қабылдау үшін толық және жан-жақты ақпарат беруі керек. Қаржылық есептілік шеңберінде ұсынылатын ақпаратты уақтылы талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметіндегі жағымсыз құбылыстардың алдын алуға, кәсіпорын активтерінің, капиталының және міндеттемелерінің жай-күйіне тиімді бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Басқарушылық шешімнің оң және тиімді нәтижесі бухгалтерлік есеп қамтамасыз ететін ақпараттың сапасы мен уақтылығына байланысты. Дұрыс басқару шешімі ұйымның тұрақты дамуының және нарықтағы бәсекеге қабілеттіліктің кепілі болып табылады.

"Vistal Group" ЖШС ұйымының мысалын және оның қызметі туралы мәліметтерді қолдана отырып, активтер мен міндеттемелер динамикасын талдап көрсетейін.

1-кесте - 2019-2021 жж «Vistal Group» ЖШС активтер динамикасы мен құрылымы, мың

Көрсеткіштер атауы	2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.		Өзгерісі 2019-2021 ж	
	мың теңге	%	мың теңге	%	мың теңге	%	мың теңге	%
I. Қысқа мерзімді активтер								
Ақша қаражаты және оның баламалары	12818	26,24	67218	0,48	61552	50,68	48734	380,19
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	191	0,39	471	4,83	370	0,30	179	93,71
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	14244	29,16	4707	6,50	12572	10,35	-1672	-11,73

Қорлар	42	0,09	6332	1,10	27931	23,00	27889	665 есе
Ағымдағы салық активтері	706	1,45	1073	0,67	337	0,28	-369	-52,26
Басқада қысқа мерзімді активтер	2236	4,58	653	82,55	1764	1,45	-472	-21,1
Қысқа мерзімді активтер нәтижесі	30237	61,89	80454	82,55	104526	86,06	74289	245,68
II. Ұзақ мерзімді активтер								
Негізгі құралдар	18306	37,47	17002	0,00	16931	13,94	-1375	-7,51
Материалдық емес активтер	311	0,64	0	17,45	0	0,00	-311	-100
Ұзақ мерзімді активтер нәтижесі	18617	38,11	17002	100	16931	13,94	-1686	-9,05
Баланс	48854	100	97456	100	121457	100	72603	148,61

1-кестеде көрсетілгендей, 2019 жылы «Vistal Group» ЖШС мүлігінің 61,89%-ын жалпы құны 30 237 мың теңге қысқа мерзімді активтер құрады. 2020 жылы қысқа мерзімді активтердің құны 166,07 %-ға өсіп 80 454 мың теңгені, ал 2021 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 245,68 %-ға өсіп 104 526 теңгеге өсіп жалпы активтердің 86,06%-ын құрады. Ұзақ мерзімді активтерге тоқталып өтетін болсақ, 2019 және 2021 аралығында қысқа мерзімді активтер көлемінің өсуі жағдайынан ұзақ мерзімді активтердің баланста алатын бөлігі 38,11%-дан 13,94%-ға төмендегенін байқауға болады.

Қысқа мерзімді активтердің өсуін «Vistal Group» ЖШС-ның қалыпты жұмысын пандемия уақытында атқару үшін керекті қорлар құнының 42 мың теңгеден 27 931 мың теңгеге 66402,38 %-ға өсуі, сонымен қатар ақша қаражаттарының 12818 мың теңгеден 61 552 мың теңгеге 380,19 %-ға өсуінен байқауға болады.

Ұзақ мерзімді активтерге назар аударатын болсақ керісінше көрсеткіштер құнының азаюын байқауға болады. Бұл жағдайды негізгі құралдардың амортизация есебінен жыл сайынға құн төмендеуімен түсіндіруге болады [1].

Бухгалтерлік баланстағы міндеттемелер құрылымын зерттеу серіктестіктің қаржылық тұрақсыздығына және төлем қабілеттілігінің төмендеуіне алып келетін басты себептердің бірі болып табылады [1]. Талдауға мәліметтер 2- кестеде көрсетілген.

2-кесте - 2019-2021 жж «Vistal Group» ЖШС міндеттемелер динамикасы мен құрылымы, мың тг

Көрсеткіштер атауы	2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.		Өзгерісі 2019-2021 жж. мың теңге
	мың теңге	%	мың теңге	%	мың теңге	%	
1	2	3	4	5	6	7	8
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер							
Салық міндеттемелері	17941	31,96	9900	9,45	21811	15,69	3870
Басқа да міндетті және ерікті міндеттемелер	4071	7,25	2127	2,03	4483	3,23	412
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	15417	27,46	73047	69,70	93413	67,22	7799 6
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	14326	25,52	10771	10,28	10771	7,75	-3555

Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	4382	7,81	7422	7,08	7124	5,13	2742	62,57
Қысқа мерзімді міндеттемелер нәтижесі	56137	100	103267	98,54	137602	99,02	81465	145,12
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер								
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	0	0	1532	1,46	1366	0,98	1366	100
Ұзақ мерзімді міндеттемелер нәтижесі	0	0	1532	1,46	1366	0,98	1366	100
Баланс	56137	100	104799	100	138968	100	82831	147,55

2-кестедегі 2019-2021 жылдар аралығын салыстыра өтетін болсақ «Vistal Group» ЖШС-ның міндеттемелерінен баланс құнының өсу тенденциясын байқауға болады. Қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелерге жеке тоқталып өтейік.

Қысқа мерзімді міндеттемелер 2019-2021 жыл аралығында 56 137 мың теңгеден 13 760 мың теңгеге 145,12 %-ға өскенін байқауға болады, бұл жағдайдың орын алуын кредиторлық берешектер өсуімен түсіндіруге болады. Егер кредиторлық берешек 2019 жылы жалпы баланстың тек 27,46 %-ын құраса 2021 жылы 67,22 %-ын құраған, осылайша 3 жыл аралығында 77 996 мың теңгеге пайыздық өлшемде 505,91 %-ға өскен. Бұл өзгерісті жоғарыда атап өткен пандемия жағдайымен, яғни клиенттер саны азаюы және бұрын жасалған брондардың жойылуымен түсіндіруге болады.

Ұзақ мерзімді берешектер ішінде тек кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер туындағанын байқауға болады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер 2019 жылы мүлдем жоқ болса, 2021 жылы 1 336 мың теңгені құраған. Бұл міндеттемелердің туындауын ақша түсімдерінің төмендеуінен салықтық міндеттемелер төлеуге мүмкіндік жоқтығымен түсіндірсек болады.

Келесі талданатын жағдай бұл «Vistal Group» ЖШС-ның сыртқы қаржы көздерінің тәуелсіздігін және міндеттемелерін өтеуге дайындығын көрсететін қаржылық тұрақтылығын бағалау [2]. Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығын қаржылық тұрақтылық коэффициенттер арқылы нақты бағалауға болады, нәтижелері 3- кестеде көрсетілген.

3-кесте- 2019-2021 жж «Vistal Group» ЖШС-нің қаржылық тұрақтылық көрсеткіші мәнінің динамикасы

Көрсеткішатауы	2019ж	2020ж	2021ж	Өзгерісі 2019-2021
1	2	3	4	5
1. Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	-0,149	-0,074	-0,144	0,004902
2. Қарыздылық коэффициенті	-7,71	-5,90	-7,86	-0,15
3. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті	-0,129	-0,169	-0,127	0,0025
4. Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті	0,3748	0,0127	0,0075	-0,367
5. Маневрлік коэффициенті	57,242	5,167	3,970	-53,273
6. Қаржылық шиеленістің коэффициенті	1,149	1,059	1,133	-0,016
7. Мобильді және имобильді активтер арақатынасы коэффициенті	1,624	4,732	6,174	4,549

Жалпы 3- кесте мәліметтер бойынша «Vistal Group» ЖШС-ның қаржылық тұрақтылық жағдайы туралы келесі қорытындыларға келуге болады. Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті бойынша есепті кезеңде мәні -0,0144-ге тең болған, бұл серіктестіктегі қаржылық тұрақсыздықтың көрінісі болып табылады. Бұл қорытынды қаржылық шиеленістің коэффициенті мәнінің шекті нормадан екі есе асып кеткенін дәлелдейді. Бұл көрсеткіш «Vistal Group» ЖШС-ның сыртқы қаржы көздеріне тәуелділігін көрсетеді.

Қарыздылық коэффициенті және өзін-өзі қаржыландыру коэффициенттері бойынша да жоғарыда аталып өткен жағдайдың орын алғанын байқауға болады. Бұл көрсеткіштер мәні серіктестіктегі қарыздарды жабу барысында өз меншігінде капиталдың жетпеушілігі және соның салдарынан үлкен мөлшерде сырттан қаражат тартылуына алып келеді. Осылайша қарыздылық коэффициенті есепті кезең соңында 2019 жылмен салыстырғанда 0.15-ке азаюын, ал өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті 0.0025-ге өсуі орын алған.

Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті мәні де теріс динамикаға ие және серіктестіктегі меншікті айналым қаражаттарының жетіспеушілігін көрсетеді. Мобильді және имобильді активтер арақатынасы коэффициенті есепті кезең соңында аса үлкен мәнге ие болды [3]. Бұл «Vistal Group» ЖШС-де меншікті қаражаттарының айтарлықтай басым бөлігін айналымдағы активтер алатынын көрсетеді.

Осылайша талдауға алынған есепті кезең барысында «Vistal Group» ЖШС-ның қаржылық тұрақтылығын өте тұрақсыз деп бағалауға болады, есепті кезең соңында көптеген көрсеткіштер бойынша қаржылық жағдайы тұрақсыз.

Сонымен қорытындылай келе, мақала жазу барысында «Vistal Group» ЖШС бухгалтерлік есеп жүйесінде белгілі бір проблемалық аспектілер мен кемшіліктер бар екенін көрсетті:

1. Кәсіпорындағы есепке алу және жоспарлау жүйелері бюджеттеу жүйесін қолдауға дайын емес. Бухгалтерлік есеп жүйесінде қызметтің нәтижесін жеке қызмет түріне бөлу өте қиын, бұл ақпараттың уақытылы алынбауына әкеледі. Техникалық қателіктерден басқа бухгалтерлік есеп пен бөлімшелердің жедел есебі деректерінің сәйкес келмеуінде көрінетін мазмұнды қателер бар.

2. «Vistal Group» ЖШС қызметінің көпбейінді жағдайында әрбір бизнестің нақты қаржылық жағдайын анықтау өте қиын. Егер кірістер, сатудан түсетін түсімдер мен тікелей шығындарды анықтау салыстырмалы түрде қиын болса, онда айналым қаражатын әр нақты бизнеске бөлу мөлшерін анықтау өте қиын;

3. Кәсіпорында құжат айналымының кестесі жоқ, бұл шаруашылық операцияларының есептік тіркелімдерінде уақытылы және толық көрсетілмеуіне ықпал етуі мүмкін.

4. Кәсіпорынның шығындарын ішкі бақылаудың нақты жүйесі жоқ, артық құжатталмаған шығындар бар, аванстық есептер уақытында берілмейді, барлық осы сомалар компанияның басқа шығындарына шығарылады, бұл сәйкесінше оның қаржылық нәтижесін азайтады;

Жоғарыда айтылғандардың барлығы «Vistal Group» ЖШС қызметінің қаржылық нәтижелерін есепке алуды жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірлеудің маңыздылығы мен қажеттілігін куәландырады. Осы мәселелерді шешу үшін «Vistal Group» ЖШС-де есеп жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру мынадай негізгі ережелерге негізделуі тиіс:

- есепке алу жұмыстарының неғұрлым ұтымды тәсілдері мен әдістерін жоспарлау, қолдану және шетелдік тәжірибені зерттеу;

- жалпы қабылданған стандарттарды сақтау мақсатында құжаттаманың электрондық нысандарын есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

- бекітілген штаттық кестеге және жауапты бухгалтерлік қызметкерлер арасында жүктемені бөлу регламентіне сәйкес бақылаушы және фискалдық органдар үшін есеп нысандарын тиімді және уақытылы тапсыру үшін арақатынасты қолдау;

- есепке алу тізілімін жоспарлы жүргізуді қамтамасыз ету және оларды бухгалтерлік жазбаларда көрсету үшін келіп түскен құжаттаманың бастапқы нысанын уақытылы рәсімдеу.

Осылайша, қаржылық есептілікті талдау кезінде ұйымның қаржылық-экономикалық жағдайы зерттеліп, капиталды, ақша ағындарын, кірістерді, шығыстарды және т. б. басқару туралы шешімдер ұсынылып, экономикалық субъект қызметінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып негізделген және тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін қолданылатын критерийлік көрсеткіштер таңдалып бағаланды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау : оқу құралы / Ж.З. Баймукашева; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Алматы : Бастау, 2019. - 229 б.
- 2 Holthausen, R. W., & Watts, R. L. (2001). The relevance of the value-relevance literature for financial accounting standard setting. *Journal of Accounting and Economics*, 31(1-3), 3-75.
- 3 Экономикалық талдау : оқу құралы / Г.Д. Аманова, К.Ж. Садуақасова. - Алматы : New book, 2020. - 279 б.
- 4 Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау : оқулық /Ш.З. Заманбеков. - Алматы : Экономика, 2016. - 219 б.
- 5 Басқару есебі : оқу құралы / Г.Д. Аманова, А.О. Махамбетова, А.С. Садиева, Г.Ж. Жумабекова ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ , 2019. - 240 б
- 6 Скала В.И., Скала Н.В., Скала Б.В., Петухова Е.Г. МСФО. Учетная политика и налогообложение. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011. - 312 с.
- 7 Brown, L. D., & Higgins, H. M. (1983). Disclosure practices, enforcement of accounting standards, and analysts' earnings forecasts. *Journal of Accounting Research*, 21(2), 206-226.

УДК 331.2

ОСОБЕННОСТИ ВНЕДРЕНИЯ МСФО В ГОСУДАРСТВЕННОМ СЕКТОРЕ УЗБЕКИСТАНА

Асранов Абдурасул Хашимжанович

докторант кафедры «Бухгалтерского учета и аудит» Андижанского института сельского хозяйства и агротехнологий
Республики Узбекистана

Аннотация: В данной статье рассмотрены особенности внедрения Международных стандартов финансовой отчетности в государственном секторе Республики Узбекистана и особенности внедрения, а также составления отчетности в соответствии с этими стандартами.

Ключевые слова: международные стандарты финансовой отчетности в госсекторе, финансовые отчеты, ВУЗы, бюджет, общие доходы, расходы в университетах.